Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «6D021400-Әдебиеттану» мамандығы бойынша PhD докторанты Абиханова Гульжанат Даутбековнаның «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, негізгі сюжеттері, текстологиясы» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақ фольклорының жасалу, даму, таралу, қызмет ету аясы бүгінгі Қазақстан жерімен шектелмейді. Ол қалың қазақ өмір сүріп жатқан аймақтарда, нақтылап айтқанда бүгінгі таңда қазақ диаспорасы орналасқан ҚХР, РФ, Моңғолия пен Өзбекстанда халықпен бірге жасасып, өзінің көпқырлы функциясын атқарып келеді.

Көрші елдерде тұрып жатқан қандастарымыздың дәстүрлі этникалық мәдениетінің, соның ішінде фольклорының да сақталу деңгейі әр түрлі. Мысалы, Ресейдегі қазақтардың басым көпшілігі тілінен айрылып, орыстанып жатқаны жасырын емес. Өзбекстандағы қандастарымыз да діні бір, тілі мен өмір салты өте жақын өзбектермен ассимиляцияға түсіп жатыр. Ал Қытайдағы қандастарымыз соңғы уақыттарға дейін қаймағы бұзылмаған ұжым ретінде этникалық болмысын, тілін, дінін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, төл мәдениетін, фольклорын сақтап келгені белгілі.

Фольклор – сюжетикасын, кейіпкерлер жүйесі мен поэтикасын өзінің ішкі заңдылықтары анықтайтын, өз заңымен өмір сүретін біртұтас күрделі жүйе. Сондай-ақ, фольклорда белгілі бір жекелеген өңірлер мен аймақтарға ғана тән белгілер мен ерекшеліктер болады. Алайда аймақтық және жергілікті, метрополиялық және диаспоралық дәстүрлер этникалық фольклор шеңберінде, біртұтастықта дамып өмір сүреді.

Шетелдегі қандастарымыздың, соның ішінде Қытай қазақтарының фольклоры – біртұтас ұлттық фольклорлық мәдениетіміздің ажырамас құрамдас бөлігі. Ол қазақ фольклорының заңдылықтарына сай қасиеттерге ие, сонымен қатар соңғы екі ғасыр уақыт бойында қалыптасқан өзіндік ерекшеліктермен де сипатталады.

Қазақ фольклорының аймақтық спецификасы жүйелі, мақсатты түрде зерттеу нысаны болған емес. Ал, шетелдегі қазақ фольклорына келсек, оны ғылыми тұрғыда зерттеу мәселесі XXI ғасырда алғаш рет көтеріліп отыр. Демек жат мәдениеттің ортасында өмір сүріп отырған қазақ фольклорын зерттеу – фольклортану ғылымындағы аса маңызды мәселелердің бірі.

Қорғауға ұсынылып отырған Г.Д.Абиханованың диссертациялық жұмысы осындай өзекті мәселені қарастыруға арналған. Жұмыстың ғылыми проблематикасы да осыған орай анықталып белгіленді. Ең бірінші кезекте ҚХР-ғы қазақ ғашықтық жырларының жырлану, айтылу, таралу аясын, көлемін, жиналу, жариялану, зерттелу жағдайын саралау қажеттілігі назарда болды. Дереккөздері мен зерттеу нысанын нақты айқындау кез келген

Scanned by TapScanner

ғылыми еңбектің негізгі шарты әрі қорытындыларының сенімділігінің, шынайылығының кепілі екені белгілі.

Диссертациялық жұмыстың «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: жиналуы, жариялануы, зерттелуі» атты бірінші тарауында ізденуші Г.Д.Абиханова М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорында сақтаулы және 2012-2013 жж. институт ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жиналған материалдарды жүйелеп, жіктеу, саралау нәтижесінде алдына қойылған мақсаттарына қол жеткізді. Диссертант ҚХР қазақ фольклорының, соның ішінде ғашықтық (романдық) жырлардың жиналуы өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап қазақ халқы тығыз қоныстанғантұрып жатқан елді мекендерде қарқын алғанын, ол жұмысқа жергілікті зиялы қауым өкілдері мен ақын, жыршылар белсенді түрде қатысқанын, жиналған нұсқалардың «Шалғын», «Мұра» журналдарында, басым көпшілігі арнайы фольклорлық жинақтарда жарияланғанын, жалпы баспа бетін көрген романдық жырлардың саны 80 астам екенін анықтайды.

Ғашықтық жырлардың зерттелу жағдайын саралау үшін Г.Абиханова Қытайдағы қазақ эпостық жырларына арналған ҚХР мен ҚР-да баспа бетін көрген зерттеу еңбектерді зерделейді. Диссертант Қытайда жазылған еңбектердің басым көпшілігінде отандық ғылымда XX ғасырдың 50-70 жылдарында пайдаланылған терминдік атаулар әлі де кең қолданыста екенін, авторлар классификация жасағанда туындылардың тақырыбы мен мазмұнына баса мән беріп, жанрлық спецификасын ескермейтінін, яғни жанрлық принципті басшылыққа алмайтынын, басқа сөзбен айтқанда, қарастырылған еңбектердің ғылыми-теориялық деңгейі ойдан шықпайтынын анықтады.

Сонымен диссертациялық жұмыстың бұл тарауында Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының историографиясы жасалған деп қорытындылауға болады.

Жұмыстың екінші тарауында Г.Д.Абиханова романдық жырларды отандық ғылымда қалыптасқан тәжірибеге сәйкес екі жанрға (дәстүрлі романдық эпос, романдық дастандар), ал ғашықтық дастандарды іштей үш топқа бөліп зерделейді. Сондай-ақ диссертант 1917 жылға дейін арап әрпінде жарық көрген шығыстық сюжеттер бойынша жасалған фольклор үлгілерінің Қытайдағы қазақ ақын, жыршыларының қайта жаңғыртып таратқан нұсқаларын жеке топқа бөліп қарастырады.

Мұнда диссертант дәстүрлі романдық эпос үлгілері әйгілі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырларының Қытайдағы нұсқаларын отандық нұсқаларымен салыстырып зерттейді. Және бізде беймәлім, Қытай елінде орын алған оқиғаларды, жергілікті фольклорлық сюжеттерді, сондай-ақ шығыстық сюжеттерді арқау еткен дастандық туындыларды қарастырады. Зерттеу нәтижелері бойынша диссертант Қытайдағы ғашықтық жырлар біртұтас қазақ эпикалық дәстүр аясында жасалғанымен өзіндік ерекшеліктерге ие екенін анықтайды. Оның себептерін ашып көрсетуге күш жұмсайды. Ізденушінің пікірі бойынша олар: 1) Қытай еліндегі саяси,

Scanned by TapScanner

идеологиялық, әлеуметтік хал-жағдай, 2) өзге этностар мәдениетінің, руханиятының ықпалы, әсері, 3) ақын, жыршылардың эпикалық дәстүрді жаңартуға, жаңғыртуға, эпостық жырлардың сюжетіне, кейіпкерлер жүйесіне, көркемдік/тілдік жүйесіне өзгерту, жаңалық (новации) енгізуге бейім болуы.

Қарастырылған жырлардың сюжеттері құрамындағы мотивтерді пайымдау барысында диссертант оларды Аарне-Томсонның сюжеттер/мотивтер көрсеткіші бойынша анықтап, көрсеткіште сол мотив/сюжетке берілген нөмірді көрсетіп отырады. Бұл – жұмыстың тағы бір ұтымды қыры.

Г.Д.Абиханованың диссертациялық жұмысы қамтылған материалдарының молдығы мен зерттеу тәсілдерінің дұрыстығымен сонылық сипатқа ие. Жұмыс кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертация құрылымы нақты ойластырылған, мазмұнына сәйкес бөлімдері өзара үйлесімді. Зерттеу жұмысының логикалық және өзара ішкі бірлігі айқын. Осының бәрі, түптеп келгенде, тақырыпты жан-жақты зерттеп, ашуға бағытталған.

Ізденуші жұмысынан тақырыпты толық меңгергені, алдына қойған мақсатын, өзіндік ұстаным пікірлерін әр тарауда орнықты, байыпты түрде жеткізе алғаны байқалады.

Докторант Г.Д.Абиханова зерттеу жұмысында қарастырған ғылыми мәселелер мен оның ғылыми нәтижелері бойынша ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда талапқа сай көлемде мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Диссертациялық жұмыс толық апробациядан өткен.

Қорыта айтқанда, докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында сабақтастық принциптері сақталғандықтан, жұмыстың тұтастығы беки түскен; диссертациялық жұмыс толық аяқталған еңбек. Еңбекте көтерілген мәселелер отандық фольклортану ғылымы үшін өзекті, ал олардың зерделенуі, шешілуі тиісті ғылыми-теориялық деңгейде жүзеге асқан. Сондықтан докторант Абиханова Гүлжанат Даутбековна 6D021400-Әдебиеттану мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады.

Отандық кеңесшісі,
филол.ғ.д., профессор _____ **Әзібаева Б.У.**

қолын растаймын к/б. аға инспекторы
«___»_____20__ж. Подпись

Scanned by TapScanner